

Бекітемін
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің ректоры – Басқарма
төрағасы, 3.Е.Д.Д. профессор

Е. Бурибаев

« _____ » 2024 ж.



В042 – «Журналистика және репортер ісі»
білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Талдықорған 2024 жыл

1.1 Талапкер «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларының тобына түсу үшін міндетті түрде шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық емтихан – талапкердің журналистикаға деген бейімділігін айқындайды.

Шығармашылық емтиханның негізгі мақсаты: Талапкердің журналистика білім беру бағдарламаларына дайындығын байқап, сол бойынша іріктеп алу. Білім берудің негізгі шарттарына сәйкес талапкер «B042 – Журналистика және тілші қызметі» білім беру бағдарламаларының тобына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады:

1 шығармашылық емтихан (жазбаша),

2 шығармашылық емтихан (ауызша).

1 шығармашылық емтихан талапкерлердің сауаттылығы мен шығармашылық ойлауын бағалауға мүмкіндік береді. 2 шығармашылық емтихан талапкерлердің шығармашылық қабілеттерін бағалайды.

Шығармашылық емтиханда жалпы орта және техникалық, кәсіптік білімі бар талапкерлер 50 балдық жүйемен бағаланады.

Оқу мерзімі жеделдетілген қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша сабақтас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

1.2 «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша бірінші шығармашылық емтихан – берілген тақырыптар бойынша шығарма жазу. Жазбаша емтиханға 3 сағат уақыт беріледі. Талапкерлер өз ойларын қағаз бетіне қазақ және орыс тілдерінде (Шығарма мәтінін Қосымша 1-де көрсетілген) түсіреді. Жазбасы төмендегідей қағидаларды ұстануы қажет:

– Тақырып пен мазмұнның сәйкестігі.

– Берілген тақырыпты толықтай ашып, оның жан-жағындағыларды қамтып өту.

– Жазбадағы сандардың нақтылығы.

– Жазған ойына дәлелдердің болуы және логикалық ойдың дұрыстығы.

– Өз ойын қағаз бетіне еркін түсіру. Ойының тәуелсіздігі.

– Стилдік, тілдік ерекшеліктеріне мән беру.

– Грамматикасына, пунктуациясына назар аудару. Әдеби ойдың дұрыстығы.

– Эпиграф, дәйексөз, мақалдарды орнымен қолдану.

Талапкер таңдаған бір билеттің ішінде үш тақырып болады. Көрсетілген үш тақырыптың біреуін таңдап, сол турасында жазады. Орфографиялық нормалар, пунктуацияның жүйесі, стилдік ерекшеліктеріне байланысты жазбаша шығармашылық 50 балмен бағаланады. Жұмыстар шифрланып, жазған талапкердің есімі құпия қалпында сақталады.

Жазба жұмыстары төмендегідей бағаланады:

50-41 балл. 50-41 балды тақырыпты ашқан, ойын нақты әрі тура жеткізген, сөйлемдік құрылымдары үндесетін, тіркестері байланысатын

талапкерлерге қойылады. Стилдік ерекшеліктеріне, сөздік қорына назар аударылады. Жазылған жұмыста стилистикалық, орфографикалық, пунктуациялық жүйелер қатаң қадағаланады. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (қателердің болмауы, немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

40-31 балл. Ал, 40-31 балды тақырыпқа байланысты мазмұнын ашқанымен әріптік, пунктуациялық қателерге ұрынған, лексикасы мен грамматикасы үндеспейтін талапкерлер алады. Тақырыптың ашу тәсілінің бірегейлігі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (екі орфографиялық қате; немесе екі пунктуациялық қате; не екі грамматикалық қате).

30-21 балл. Баяндау формасының өрбітілетін тақырыпқа сәйкестігі. Композициялық және мағыналық логиканың болуы. Журналистика жанрларында жаза білуі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Сауаттылығының және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің жақсы деңгейі (қателердің болмауы; немесе екі орфографиялық және екі пунктуациялық қате; немесе бір орфографиялық және үш пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қате).

20-10 балл. Мазмұнының тақырыпқа сәйкес келмеуі. Тақырыпты ашудағы бірегейлі тәсілдің болмауы. Тіл жұтаңдығы, стильдің бір сарындылығы, композицияның жадағайлығы, ойының шолақтығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің орташа деңгейі (төрт орфографиялық және төрт пунктуациялық қате; немесе үш орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қателер болмағанда жеті пунктуациялық қате; немесе төрт грамматикалық қате).

0-9 балл. Тақырып ашылмаған. Композициялық және мағыналық логиканың, шығармашылық ізденіс элементтерінің болмауы. Тіл жұтаңдығы және стильдің бір сарындылығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің төмен деңгейі (жеті орфографиялық және жеті пунктуациялық қате; немесе алты орфографиялық және сегіз пунктуациялық қате; бес орфографиялық және тоғыз пунктуациялық қате; немесе сегіз орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе тоғыз пунктуациялық қате; немесе жеті грамматикалық қате).

5 баллдан төмен нәтижеге ие болған талапкер ауызша емтиханға жіберілмейді.

1.3. «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалар тобының екінші шығармашылық емтихан – әңгімелесу.

Шығармашылықтың екінші, яғни ауызша емтиханға әр талапкер өзінің жеке портфолиосын жасайды, ондай болмаған жағдайда мамандық туралы, өзі жөнінде комиссия мүшесімен ашылып ашық сөйлеседі. Қабылдау комиссиясының мүшелері әр талапкерді жеке-жеке қабылдап, портфолиосына байланысты сұрақтар қойып, осыған дейінгі жеткен жетістіктеріне тоқталып, істеп келген жұмысына баға береді. Комиссия

мүшелерінің негізгі міндеті – бағыт-бағдарды көрсетіп, келген талапкерлерге мотивация беріп, мамандықты жақсы көруге жетелеу. Ауызша емтихан сұрақ-жауап түрінде еркін өтеді.

Портфолиоға әр түрлі конкурстардан, жарыстардан орын алған марапат қағаздары (Пәндік олимпиада, Абай-Шәһкәрім оқулары, Оралхан Бөкей оқулары, Ілияс оқулары, Махамбет оқулары т.б), еңбегі мен ісі үшін алған мадақтау қағаздары (Аудан басшылығынан, мектеп мүдірінен, ұстаздардан т.б), әр түрлі додалардағы дипломдары (волейболдан, футболдан, шахматтан т.б) жинақталады. Негізгісі мектеп қабырғасында жүргенде әр түрлі басылымдарда жарық көрген материалдарының қиындысы (республикалық басылымдармен облыстық «Жетісу», «Огни Алатау», «Алатау», «Білім шапағаты» және аудандық газеттерге шыққан мақаласы, әңгімесі, өлеңі, очеркі т.с.с) болып табылады. Одан бөлек өзінің шығармашылығын көрсететін фотожинақтар, видеороликтер мен слайдтарды көрсетуге болады.

Талапкерлерді қанаттандыруға арналған сынақ-сұрақ

Жазған материалдары туралы автордың өз ойы

Әлеуметтік қайта құрудағы журналистің міндеті

Талапкерді БАҚ және журналистика турасында әзірленген сұрақтар

Республикалық және облыс, аудандардағы газет-журналдар.

Телевидение мен радионың жергілікті жердегі және мемлекет көлеміндегі деңгейі.

Онлайн-журналистика мен жаңа медиа.

Қоршаған ортада болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуы

Бүгін болып жатқан әлемдегі саяси оқиғалар

Еліміздің экономикалық жағдайы

Аймақтық елді-мекендердің даму көрсеткіші.

Ауызша емтихан төмендегідей бағаланады:

50-41 балл. Республикалық баспасөзде және облыстық («Жетісу», «Огни Алатау», «Алатау», «Білім шапағаты» газеттері) жарық көрген мақалалар мен жеке шығармашылық жұмыстарға (әңгіме, очерк, өлең т.б.) мазмұнына орай, жеке жинақ болып шыққан кітаптарға және облыстық мүшайралар мен шығармашылық сайыстардың, сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен республикалық, облыстық олимпиада жеңімпаздарына, «Абай оқулары», «Ілияс оқулары», «Мұқағали оқулары» және т.б. оқулардың жеңімпаздарына қойылады.

40-31 балл. Аудандық және қалалық басылымдарға, жеке баспаларға жарияланған мақалалар мен жеке шығармашылық жұмыстарға (әңгіме, очерк, өлең т.б.), аудандық олимпиада жеңімпаздарына, «Абай оқулары», «Ілияс оқулары», Мұқағали оқулары» және т.б. оқулардың жеңімпаздарына, аудандық білім бөлімінің немесе мәдениет басқармасының алғыс хаттары мен марапаттау қағаздарын алған абитуриенттерге қойылады.

30-21 балл. Мектепшілік қабырға газеттеріне, мектеп әкімшілігінің марапаттау қағаздары мен алғыс хаттарын алған, өзінің жеке шығармашылық жұмыстарын (әңгіме, очерк, өлең т.б.) комиссия қарауына ұсынған абитуриенттерге қойылады.

20-10 балл. Сөз мәдениетінің орташа деңгейі. Жылдам ойлаудың тәжірибелік дағдыларының жетіспеушілігі. Жалпы мағлұматтың қазіргі

заманғы БАҚ жөніндегі білім деңгейінің төмендегі. Газет мәтінін немесе теле-радио бағдарламаларды талдай білмеуі.

10 балдан кем. Сөз мәдениетінің төмен деңгейі. Өз ойын байланыстыра отырып, логикалық, қысқаша баяндау дағдысының болмауы. Үстіртін болжамдар мен қорытындылар. Шығармашылық жұмыс туралы көрінісінің болмауы, төмен танымдық деңгейі, ой өрісінің тарлығы. Газет мәтінін немесе теле-радио бағдарламаларды талдай білмеуі. Таңдалған мамандыққа немқұрайлы қарауы. Қойылған сұрақтарға қанағаттанарлықсыз деңгейде жауап беруі.

2.4. Шығармашылық емтиханнан 5 балл не одан төмен жинаған талапкер «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларына оқуға жіберілмейді. Ал шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

БББ жетекшісі м.а.



Каримова Б. Ж.

**БББ жаңарту жөніндегі жобалық
офисінің жетекшісі**



М.А. Шмидт

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:**



Н.Ж. Жанатбекова

**Басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**



Б.Р. Таубаев

Қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға түсушілер үшін «B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

Шығармашылық емтихан офлайн форматта өтеді. Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Оқуға түсу үшін шығармашылық емтихан I кезеңнен тұрады.

Бұл кезеңде ұсынылған тақырыптардың біріне шығарма жазу түрінде өткізіледі. 3 сағат ішінде талапкер таңдап алған тақырыбын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға арнаған журналистік шығарма түрінде түсіндіріп беру керек. Жазылған шығарма таңдалған тақырыпты жан-жақты ашып, шындықтың мәселелі көріністерін, қоғамдық пікірді, құндылықтарды баяндап, өмірлік деректерге сілтемелер болуы, автордың қоғаммен байланыс мамандығы жөніндегі түсінігін көрсетіп, жазба сөз мәнерін жеткілікті түрде меңгергенін көрсетіп тұруы қажет.

Жазбасы төмендегідей қағидаларды ұстануы қажет:

- Тақырып пен мазмұнның сәйкестігі.
- Берілген тақырыпты толықтай ашып, оның жан-жағындағыларды қамтып өту.
- Жазбадағы сандардың нақтылығы.
- Жазған ойына дәлелдердің болуы және логикалық ойдың дұрыстығы.
- Өз ойын қағаз бетіне еркін түсіру. Ойының тәуелсіздігі.
- Стилдік, тілдік ерекшеліктеріне мән беру.
- Грамматикасына, пунктуациясына назар аудару. Әдеби ойдың дұрыстығы.
- Эпиграф, дәйексөз, мақалдарды орнымен қолдану.

Талапкер таңдаған бір билеттің ішінде үш тақырып болады. Көрсетілген үш тақырыптың біреуін таңдап, сол турасында жазады. Орфографиялық нормалар, пунктуацияның жүйесі, стилдік ерекшеліктеріне байланысты жазбаша шығармашылық 20 балмен бағаланады. Жұмыстар шифрланып, жазған талапкердің есімі құпия қалпында сақталады.

Жазба жұмыстары төмендегідей бағаланады:

16-20 балл. 16-20 балды тақырыпты ашқан, ойын нақты әрі тура жеткізген, сөйлемдік құрылымдары үндесетін, тіркестері байланысатын талапкерлерге қойылады. Стилдік ерекшеліктеріне, сөздік қорына назар аударылады. Жазылған жұмыста стилистикалық, орфографикалық, пунктуациялық жүйелер қатаң қадағаланады. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (қателердің болмауы, немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

13-15 балл. Ал 13-15 балды тақырыпқа байланысты мазмұнын ашқанымен әріптік, пунктуациялық қателерге ұрынған, лексикасы мен грамматикасы үндеспейтін талапкерлер алады. Тақырыптың ашу тәсілінің бірегейлігі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (екі орфографиялық қате; немесе екі пунктуациялық қате; не екі грамматикалық қате).

9-12 балл. Баяндау формасының өрбітілетін тақырыпқа сәйкестігі. Композициялық және мағыналық логиканың болуы. Журналистика жанрларында жаза білуі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Сауаттылығының және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің жақсы деңгейі (қателердің болмауы; немесе екі орфографиялық және екі пунктуациялық қате; немесе бір орфографиялық және үш пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қате).

4-8 балл. Мазмұнының тақырыпқа сәйкес келмеуі. Тақырыпты ашудағы бірегейлі тәсілдің болмауы. Тіл жұтаңдығы, стильдің бір сарындылығы, композицияның жадағайлығы, ойының шолақтығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің орташа деңгейі (төрт орфографиялық және төрт пунктуациялық қате; немесе үш орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қателер болмағанда жеті пунктуациялық қате; немесе төрт грамматикалық қате).

0-3 балл. Тақырып ашылмаған. Композициялық және мағыналық логиканың, шығармашылық ізденіс элементтерінің болмауы. Тіл жұтаңдығы және стильдің бір сарындылығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің төмен деңгейі (жеті орфографиялық және жеті пунктуациялық қате; немесе алты орфографиялық және сегіз пунктуациялық қате; бес орфографиялық және тоғыз пунктуациялық қате; немесе сегіз орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе тоғыз пунктуациялық қате; немесе жеті грамматикалық қате).

5 баллдан төмен нәтижеге ие болған талапкер оқуға қабылданбайды.

БББ жетекшісі м. а.



Каримова Б. Ж.